

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 499 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігінің міндеттерін шешуде ғарыш технологиялары мен техникасының үлесін күшейту мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасында:

"Бағдарламаның паспорты" деген 1-бөлімде:

"Міндеттері" деген кіші бөлімнің үшінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізу;"

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген кіші бөлімде: бірінші абзацтағы "62768,72" деген цифрлар "44364,75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "62468,72" деген цифрлар "44064,75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші абзац алып тасталсын;

"Күтілетін нәтижелер" деген кіші бөлімде:

2) тармақшаның бесінші абзацы алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын;

"3) Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілетін болады;"

"Кіріспе" деген 2-бөлімнің жиырма үшінші абзацы алып тасталсын;

"Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері" деген 4-бөлімнің бесінші абзац алып тасталсын;

"Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген 5-бөлімнің "Бағдарламаның негізгі бағыттары" деген 5.1-кіші бөлімінде:

5.1.2-тармақтың бесінші абзацы алып тасталсын;

5.1.3-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"5.1.3. Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми зерттеулері мен эксперименттерінің бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізу:"

екінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"қатты және сұйық күйіндегі металл қорытпаларында термодиффузияны з е р д е л е у д і ; " ;

"жоғары организмдер геніне ғарыштық ұшыру жағдайына ұқсас факторлар әсерінің молекулярлық-биологиялық тетіктерін зерттеуді және ауыл шаруашылығы дақылдарының бастапқы төзімді желілерін құруды;

жоғары күш түсуі жағдайында адамды қорғаудың химиялық, биохимиялық және психофизиологиялық әдістерін әзірлеуді;

адам организмінің бейімделу мүмкіндіктерін арттыратын, бағытталған медициналық-биологиялық қасиеттері бар биологиялық белсенді қоспалар мен мамандандырылған өнімдер әзірлеуді;"

"Бағдарламаны іске асыру тетіктері" деген 5.2-кіші бөлімнің оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық ғарыш станциясының бортында оларды іске асыру үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізуді ұйымдастыру;"

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

к е с т е д е :

реттік нөмірі 2-жолдағы "49075,02" деген цифрлар "30670,598" деген цифрлармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "600,00" деген цифрлар "600,452" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Барлығы" деген жолдағы "62468,72" деген цифрлар "44064,75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "62768,72" деген цифрлар "44364,75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "62468,72" деген цифрлар "44064,75" деген цифрлармен ауыстырылсын;

алтыншы абзац алып тасталсын;

"Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген 7-бөлімдегі жиырма алтыншы абзац алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті